

**Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын
Тарбағатай ауданының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер
салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының
мөлшерлемелерін жоғарылату туралы**

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 3 қаңтардағы № 33-10 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық Әділет басқармасында 2019 жылғы 18 қаңтардағы № 5-16-185 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 2/10-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 28.04.2023 № 2/10-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"(Салық кодексі) Кодексінің 509-бабының 5-тармағына, 704-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына сәйкес, Тарбағатай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Тарбағатай ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салықтарының мөлшерлемелері 10 (он) есеге жоғарылатылсын.

2. Тарбағатай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 наурыздағы № 34-3 " Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын Тарбағатай ауданының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4464 нөмірімен тіркелген, Қазақстан

Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде 2016 жылғы 21 сәуірде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Тарбағатай аудандық
мәслихатының хатшысы*

Е. Құттыбаев

С. Жақиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК